

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 қазандағы N 1316 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 шілдедегі N 621. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.03.29. N 373 қаулысымен. ~ P020373

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді және ақпараттық қызмет көрсетулерді мемлекеттік тіркеу үшін ақы алудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 қазандағы N 1316 P961316\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 43, 413-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және ақпараттық қызмет көрсеткені үшін төлем алу тәртібі туралы ережеде:

4-тармақ "зейнеткерлер" деген сөзден кейін "сондай-ақ заң актілеріне сәйкес тиісті жеңілдіктерді пайдаланатын өзге де адамдар" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі